

ТУУЫ

ТІНІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

рраль Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
және саны 20 тыйын.

Жергілікті партия және совет ұйымдары, сол сыяқты, ауыл шаруашылығы орындары колхоздарда жылдық өндірістік жоспарлар мен кіріс-шығыс сметаларының жасалуын тездетіп, бұған колхозшы бұқараны жаппай жұмылдыруға, сөйтіп, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру күресіндегі бұл маңызды шараның ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

налған Егіске әзірліктегі кемшіліктерді тез жою керек

Малдың қысқы күтімін жақсарту береміз

38 трактор жөнделді

Налобинск МТС-нің механизаторлары тракторлар мен тіркеу саймандарын тез және сапалы жөндеу жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрстетуде.

Әрбір механизаторлар өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алған еді. Олар кезір бұл міндеттемелерін аброймен орындап жүр. МТС-те жөндеу торабы сайын тарайындалған күндік, бескүндік жұмыс тапсырмаларын артығымен орындайтын механизаторлар саны күннен күнге көбейіп келеді. Бұл бүкіл МТС бойынша еңбек өнімділігінің артуына сөйтіп, тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жөніндегі айлық, тоқсандық жоспардың ойдағыдай орындалуына мүмкіндік беріп отыр. Мұнда кезір 38 трактор толық жөнделіп болды. Бұдан асқа 25 сеялка, 15 культиватор, 51 плуг және 2 тырма күрделі жөндеуден өтті.

Жөндеу жұмысында озат механизаторлар стахановтық еңбектің үлгісін өрсетуде. Мәселен, мотор жөндеушілер Мартин, Мельник және Бродель жолдасар күндік, бескүндік тапсырмаларын дайы артығымен орындап жүр.

А. ПОПКОВ
Соколов ауданы.



Петропавл МТС-де жөндеу жұмысы тораптық әдіспен жүргізіліп жатыр. СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) жөндеуші Д. Югай және Л. Грудинин жолдасар СТЗ моторын жыйнастырып тұр. Олар тапсырманы 200 проценттен асыра орындауда. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Егіске әзірлік нашар ұйымдастырылған ауданда

Октябрь ауданын тұтас алғанда көктемгі егіске әзірлікте қызу қарқын жоқ. Олар жөнінде тарайындалған график орындалмай келеді.

Қысқы маусымда малды шығынсыз өсіреміз! Қарағанды астық совхозы мал өсірушілерінің, бүгінгі негізгі көздеп отырған мақсаты, міне осы. Мұндай күрделі міндетті ойдағыдай шешуге олардың күш-мүмкіншілігі жетеді де. Біз мал қыстатуға күнілгері тығыздықты әзірлік жүргіздік. Қоғамдық малды қыстық жемшөппен, жылы, жарық қоралармен жеткілікті қамтамасыз еттік. Мұнымен қабат, дайындалған жемшөпті түгелге дерлік ең қолайлы мерзім ішінде мал қоралары жанына тасып алдық. Егіннің сабаны мен мекені де түгел жыйналы мал қыстайтын орындарға жеткізілді.

Мұның барлығы бізге мал қыстатуды мерзімінде және ұйымшылдықпен бастауға мүмкіндік берді. Совхозда кезір малдың қоңы біркелкі жақсы, жүдеуге айналғаны, немесе шығынға ұшырағаны жоқ. Өйткені біз малды күн сайын әртүрлі жемшөппен азықтандырамыз. Әрбір мал өсіруші малға шөпті, жемді ұқыпмен береді.

Жақсы күтімге алынған мал қысты күні де өнімді мейлінше көп береді. Оны біздің мал өсірушілеріміз өздерінің күнбе-күнгі тәжірибелерінен айқын көріп жүр. Олар осы үстіміздегі жылы да жақсы күтімде ұстау арқылы сауын сыйырлардан сүтті көп алуға жетісті. Сауыншыларымыз январь айы бойына мемлекетке 80 центнер сүт орнына, өткен 20 күн ішінде ғана 150 центнер сүт берген.

Шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізіп отырып, жоғарыда аталған Сталин атындағы колхоз сияқты зор табысқа ие болған шаруашылықтар облысымызда көптеп саналады. Міндет — өндірістік жоспарды және кіріс-шығыс сметаларын орындау күресін ұйымдастырудағы қол жеткен табыстарды баянды ету, ал, жоспар мен кіріс-шығыс сметалары орындалмай қалған жерлерде мұның шын сырын ашып, келешекте ондай кемшіліктердің орын алмауына нақтылы шаралар белгілеу болып саналады.

Колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан нығайтуда өткен шаруашылық жылдың жұмыстарын нақтылы қорытындылаудың және үстміздегі жыл үшін өндірістік жоспар және кіріс-шығыс сме-

белерді кеңінен қолдануды, колхоздарда көмеңші шаруашылықтарды өркендету арқылы ақшадай табысты молайтудың жаңа мүмкіншіліктерін ашуды, құрылыс жұмыстарын жақсартуды және басқа да сод сияқты игілікті мақсаттарды көздеді.

Жергілікті партия және совет ұйымдары, сол сияқты, ауыл шаруашылығы орындары колхоздарда жылдық өндірістік жоспарлар мен кіріс-шығыс сметаларының жасалуын тездетіп, бұған колхозшы бұқараны жаппай жұмылдыруға, сөйтіп, колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан нығайта беру күресіндегі бұл маңызды шараның ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Н. В. Гогольдің қайтыс болуының жүз жылдығы қарсаңында

Кәсіподақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі қаулы қабылдады, онда орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гогольдің қайтыс болуының 100 жылдығына эзірлік және оны өткізу жұмысына кәсіподақтар ұйымының белсене қатысуын міндеттеді.

Кәсіподақтар Советтері мен комитеттерін кәсіпорындарында, мекемелерде, оқу орындарында, клубтарда, мәдениет сарайлары мен үйлерінде, кітапханаларда, қызыл мүйістерде, жатақханаларда Н. В. Гогольдің творчествосы мен өмірі туралы баяндамалар мен лекциялар, әдеби кештер, орыстың ұлы жазушысының творчествосына арналған көрмелер, жұмыс-

шылар мен қызметкерлердің және оқушылардың Гоголь болған жерде саяхат жасауын ұйымдастыруға міндеттеді.

Кәсіподақтарының кітапханаларына Н. В. Гоголь шығармаларымен және оның творчествосы туралы әдеби кітаптармен кітап қорларын толықтыруды тапсырды.

Жұмысшылар мен қызметкерлерге искусство қызметкерлерінің және көркем өнерпаздарының күшімен Н. В. Гогольдің мәңгі жасайтын шығармаларын кеңінен таратуы жөнінде Мәдениет сарайлары мен үйлерінің, клубтардың басқармаларына нұсқау берілді.

Еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің III сессиясын (үшінші шақырылуы) шақыру туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің III сессиясы (үшінші шақырылуы) 1952 жылы 11 февральда, дүйсенбі күні, күндізгі сағат 12 де шақырылатындығын облыстық Советтің депутаттарының есіне салады.

Сессия мәжлісі Петропавл қаласы, облыстық Советтің атқару комитетінің мәжліс залында (Ленин көшесі, 29-үй) болады.

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІ.

дарға қар тоқтатуға көмегі мүлдем жеткіліксіз. Агрономдар қар тоқтату ісімен шұғылданбайды, оған күнбе-күн басшылық жасамайды, қар тоқтату жөнінде колхозшыларға кеңес берілмейді.

Аудан колхоздарында егіске әзірліктің нашар болуының сыры, міне осы.

Д. КОРНИЛОВ.

Жаңа табыстарға жету жолындағы социалистік

Табысты баянды ету жолында

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты коллективінің өткен жылғы өндірістік жоспарды артығымен орындауымен қатар, кәсіпорны бойынша 1951 жылы еңбек өнімділігі 6,9 процент арттырылды, өзіндік бағаны кеміту есебінен бір жыл ішінде 1 миллион 500 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Комбинаттың партия бюросы цех партия ұйымдарының секретарьларымен және кәсіподақтың заводтық комитеті цехтары кәсіподақ комитеттерінің председателдерімен өткізген кеңесінде, өндірістік жыйналыстарда өткен жылдың қорытындыларын талқылаумен қатар, табыстарды баянды етудің нақтылы жолдары белгіленді. Үстміздегі жылы жаңа табыстарға жету жолындағы социалистік жарысқа байланысты көтеріңкі міндеттемелер алынды. Жаңа жылға арналған жоспарды талқылаудың барысында инженер-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылар бағалы ұсыныстар енгізді.

Осы сияқты ұйымдастыру-техникалық шаралардың жүзеге асырылуы комбинат коллективінің үстміздегі жылы ет өнімдерін өткен жылдардағыдан 34 процент, шұжық өнімдерін 29 процент, консервіні 12 процент, тағамдық майларды 53 процент артық шығаруға мүмкіншілік береді. Социалистік міндеттемелерімізде быыл жалпы өнімді өткен жылғыдан 18 процент арттыру қарастырылып отыр.

Біздің алдымызға қойып отырған негізгі мақсаттарымыздың бірі — өнімнің

ұйымдастырылмауы, оның бетімен жіберілуі қынжыларық іс. Айта кету керек, бұларда жалғыз тұқым дайындау ғана емес, өгістік аландарға қар тоқтату және тыңайтқыш заттар жыйнау жұмыстары да ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Күні бүгінге дейін бұл жұмыс-

басталған да Жергілікті дары егінші ұйымдастыру жасап келеді арттыру ісі

Жаңа

«1 Май» лективіне е саанында ел үшін облы ауыспалы дейін де ол ойдағыдай жылдың ө екі айдай жоспардан соның өн шикі затта ді, өнімнің дейін кемі

Коллекти рын баянд нысанасы өнім шыға дың ішпеу рына сай

1952 ж мерзімінен социалисті дің тігінің цент артт істерінде л ген еді. С барлық м зірдің өзін бірде-бір сырмасын майды.

өзіндік бағасын барған сайын кеміте беру. Бұл үшін еліміздің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының игілікті бастама-лары бойынша нақтылы шаралар белгіленіп, партия және кәсіподақ ұйымдары ол шаралардың осы бастан ойдағыдай жүзеге асырылуы үшін жұмысшылармен және инженер-техник қызметкерлермен бірлесе жұмыс жүргізуде.

Әрбір цехта, бригадала барлық жұмысшылар бірдей өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, социалистік жарысқа ұш-тасқан. Ол міндеттемелердің орындалуы кәзірдің өзінде әрбір смена аяғында қарағалап тексеріледі де, өндірістік жыйналыстарда талқыланады. Мұндай жыйналыстар негізінен кездескен кемшіліктерді жоюға, алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибесін қолма-қол насихаттауға бағытталған.

Біздің коллектив Курғанның ет-консерві комбинатымен социалистік жарысқа түскен болатын. Екі комбинат арасындағы социалистік жарыс шартында көрсетілген міндеттемелердің орындалуы ай сайын шығарылып отырылады. Өткен айда біз өз міндеттемізді барлық пункттер бойынша орындан шықтық.

Міне, осылай 1952 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындау және өткен жылы қол жеткен табыстарымызды баянды ету жолындағы күрес қыза түсуде.

И. ШМЕЛЬКОВ,
Комбинат партия бюросының секретары.

ЫЛАРДЫҢ СҰРАҒЫНА ЖАУАП

арасындағы күрес туралы

ы В. М. Баранов (әскери қызметші), Н. М. Намнев И. Полицун (Иркутск қаласы) жолдастар советтік сомен жаңаның арасындағы күрестің белгісі недекенін түсіндіруді сұрайды.

німен, брак қайта туа біздің қоғамдық бастамамен қарайды. н, — жаңаның ерттеуге, өзінің бөлуге, өзінің көмегіне

шан қоғамы бар күште жаңаны, промді және қоғамына көмек-партиясының бірі — ол алдыңғы қабағы алады райды.

олып табыл партиясының там орнату тарихи міндеті революция жоюлары

Жаңа, осы тырып, болып өзінің мәліріп отырды ұестрияланды ісін қабыл алаңдырудың өн жана, соы. Партия ан ірі шар-

қараның іскерлік революциялық өзара сыны айқын көрінеді. Жарыстың күш— жаңасы үлгі көрсетуде, артта қалғандарға қоғамдық ықпал жасауда, совет халқының творчестволық инициативасын өрістетуде.

Социалистік жарыс, еңбекшілерге кер тартылыста, консерватизмнің барлық элементтеріне қарсы күресте өсіп, кеңейіп отырады. Еңбекшілердің белсенділігі— әрбір жаңашылдық бастаманың табысты болуының негізі. Социалистік жарыстың озаттарын партия ұқыптан мәңгелеп өсіріп отырады, олардың тәжірибесін партия миллиондардың игілікті ісіне айналдырып отырады.

Социалистік қоғам дамуының барысында біздің шаруашылығымыз бен мәдениетіміздің барлық салаларында жаңаның өзі өсіп-ұлағып отырады және өзінің бәрі өміш жоғалып отырады. Халық шаруашылығы техникалық жағынан қалай қаруланған сайын, бұқараның мамандығы артып, творчестволық инициативасы күшейген сайын жұмыстың бір нормалары өскіріп, жаңа, анағұрлым жоғары нормалармен ауыстырылып отырылады. Еңбек өнімділігі жылдан жылға артуына.

Большевиктік партия техникалық прогрестің рұхтандырушысы және ұйымдастырушысы болып отыр, мұны жүзеге асыруға өндіріс жаңашылдарының қатысуы бұқарасы белсене қатынасуда. Техника саласында аса зор өзгерістер болып жатыр. Тетіктілігі кем машиналар, станоктер, құрал-жабдық анағұрлым тегікті

адал және революциялық өзара сынды өзіміздің аса маңызды міндеттеріміздің бірі етіп қобымыз керек. Мұнысыз ілгері қадам басуға болмайды. Мұнысыз даму да болмайды.

Жаңаның өскірге, дәурені өтіп бара жатқандарға қарсы күресуінің негізінде біздің жас колхоз құрылысы үздіксіз нығайуда. Ескінің қалдықтарына қарсы, жеке меншіктің ниеттеріне қарсы күресте партия еңбекке және мемлекет алдындағы өзінің міндеттеріне адал қарайтын колхозшы шаруалардың басым көпшілігіне сүйенеді.

Совет адамдарының сыйпатты қасиеті — қоғамдық социалистік меншікке шаралық көзбен ұқыпты қарайтындығы омын табылады. Партия совет халқының адал дәулетін талан- таражға салушы арға, мемлекет қаражатын, материалдарын ысырап етушілерге мейірімсіз болуында тәрбиелеп отырады.

III.

Жаңаның ескімен күресуі қоғамдық өмірдің барлық салаларында білініп отырады. Бұл күрес экономика саласында ғана емес, идеологияда да ғылымда, әдебиет пен өнерде болып жатыр.

Біздің елімізде социалистік болмыс совет адамдарының санасын билейді. Бірақ совет адамдарының бір бөлегінде капитализмнің қалдықтары әлі сақталған. Сталин жолдас адамдардың санасы өзінің дамуында олардың экономикалық халінен артта қалып отырады, деп үйретеді. Мұның үстіне, біздің адамдарымыздың санасындағы ескіліктің қалдықтарын жандандырып, қолдан отыруға тырысатын капиталистік қоршау өмір сүруде.

Большевиктер партиясы еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөнінде орасан зор жұмыс жүргізуде. Ол капитализмнің



Москва. Жуырда мемлекеттік тарих музейі X-XII ғасырларға жататын үй тұрмысы заттарының қымбат бағалы коллекциясын қабылдады. Бұл заттарды Солгүстік теңіз мұхитындағы Четырехстолбово аралында қыстаушы Н. В. Андреев тапқан.

Андреев жолдас аралдағы қабырғалары мен ідені ағаш тактаймен көмкерілген бір жер үйді қазған. Жер үйден өмір бойы қатып жататын жағдайда бүлінбей сақталған сүйектер мен ағаштардан істелген үй тұрмысының 200-ге жуық заттары табылған.

СУРЕТТЕ: табылған заттарды өңдеу лабораториясында. Алдыңғы қатарда — ғылыми қызметкер В. М. Раушенбах табылған заттарға қаттау жасап отыр. (СОТА-ның фотохроникасы).

Жаңа кітаптар

Қаладағы «Қазқнижторг» магазиніне төмендегідей кітаптар түсті. Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының тарихы. Қысқаша курс. Қазақстан мемлекеттік баспасы, 1951 жыл. 5.000 дана, 371 бет. Бағасы 5 сом. Профессор М. П. Кошкин. СОТА.

Монгол Халық Республикасы үкметінің хабары

УЛАН-БАТОР, 3 февраль. (СОТА). Бүгін Улан-Баторда үкмет хабары жарияланды, мемлекеттік шекарада Монгол Халық Республикасының премьер-министрі маршал Чойбалсан марқұмның денесі салынған қаралы поезды қарсы алу үшін Республиканың аймақтары мен астана еңбекшілерінің өкілдері арнаулы поездбен бүгін Улаан-Батордан шықты делінген.

Хабарда Монгол Халық Республикасының премьер-министрі Чойбалсанның денесі салынған қаралы поезд Улан-Батор қаласына 1952 жылы 5 февраль күні келетіндігі және Монгол Халық Республикасы Министрлер Советінің қарары бойынша маршал Чойбалсанның денесі салынған табыт Үкмет үйінің Үлкен залына қойылатындығы айтылған.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 февраль. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, барлық майдандарда америкаан -ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды, жауды адам күші және техника жағынан үлкен шығындарға ұшыратты деп хабарлайды.

Кеше жау Батыс және Орталық майдандардың жекелеген участоктерінде Халық армиясының қорғаныс шептеріне күшті атакалар жасауға әрекеттенді, алайда, жау шығындарға ұшыратылып, кейін тойтарылып тасталды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар Воисан, Муньчхонь, Кансо және Чунхва аудандарына шабуыл жасауға қатысқан жау самолеттерінің ішінен 3

